Интернеттегі қауіпсіздік: цифрлық технологиялардың дамуы балаларды интернетке тәуелді етіп қана қоймай, оларды алаяқтардың, кибербуллингтің (интернеттегі қорлау) және қауіпті контенттің құрбанына айналдыруы мүмкін. Балаларға интернетте өзін-өзі қорғау ережелерін үйрету, әлеуметтік желілердегі әрекеттерін қадағалау және қажетсіз сайттарға кіруді шектеу – маңызды шаралар.

Үйдегі қауіпсіздік: балалар үшін қауіп тек сыртта ғана емес, үйде де кездесуі мүмкін. Электр құрылғылары, газ жабдықтары, өткір заттар, дәрі-дәрмектер мен химиялық заттар, ашық терезе – барлығы да балалардың өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан ата-аналар үйдегі қауіпті заттарды балалардың қолы жетпейтін жерге қою және олардың дұрыс қолданылуын үйретуі керек.

Психологиялық қауіпсіздік: қауіпсіздік тек физикалық қауіптермен шектелмейді. Балалардың психологиялық жағдайы да маңызды. Оларға отбасындағы жанжалдар, мектептегі буллинг (мазақтау, қорқыту), эмоционалды қысым теріс әсер етуі мүмкін. Баланың ішкі күйзелісін байқай білу, оны тыңдау және қолдау көрсету – ата-ананың басты міндеті.

Аудан мектептерінде қауіпсіздік сабақтары тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Бұл сабақтардың мақсаты – оқушылардың қауіпсіздік туралы білімдерін арттыру, төтенше жағдайларда дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. Бұл сабақтарда теориялық біліммен қатар, практикалық жаттығулар да өткізіледі. Мысалы, өрт кезінде ғимараттан эвакуациялау жаттығулары, жолда жүру ережелерін тәжірибеде қолдану, алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері үйретіледі.

Қауіпсіздік сабақтарын өткізу барысында мектеп әкімшілігі жергілікті төтенше жағдайлар департаментімен, полиция бөлімшелерімен және медициналық мекемелермен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Ата-аналар да бұл процеске белсенді қатысып, балаларымен бірге қауіпсіздік ережелерін талқылап, үй жағдайында дағдыларын нығайтуы маңызды. Осылайша, мектеп пен отбасының бірлескен әрекеті балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдары: ата-аналардың жауапкершілігі, балаларға қауіпсіздік ережелерін үйрету, олардың қайда жүргенін бақылау, интернеттегі әрекеттерін назарда ұстау, қауіпсіздік сабақтарын өткізу, жол ережелерін үйрету, буллингтің алдын алу ,балалар үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету, жол қозғалысын қадағалау.

Бала қауіпсіздігі – тек ата-аналардың емес, бүкіл қоғамның міндеті. Олардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіз орта қалыптастыру – әрбір азаматтың жауапкершілігі. Балаларымыздың болашағы жарқын болуы үшін біз оларды барлық қауіп-қатерден сақтауымыз керек. Бала қауіпсіздігі – басты назарда болуы тиіс!

Қайнар ҚУАНЫШҰЛЫ,
Панфилов аудандық білім бөлімінің бала құқығын қорғау жөніндегі әдіскері.

Панфилов ауданының әкімі Марат САҒЫМБЕКТІҢ халықпен өткізетін кездесулерінің
К Е С Т Е С І

№ р/с	Округтер	Өтетін орны	Кездесудің өту мерзімі	
			күні	уақыты
1	Сарыбел	Садыр ауылы, Садыр орта мектеп Instagram: @sarybelokrugi Азаматтарды қабылдау	26.02.2025	сағ.10.00 сағ.11.00
2	Талды	Еңбекші ауылы, Еңбекші ауылының мәдениет үйі Instagram: @taldy_auyldyq_okrugi Азаматтарды қабылдау	26.02.2025	сағ.14.00 сағ.13.00
3	Жаскент	Головацкий ауылы, Головацкий атындағы орта мектеп Instagram: zhaskent_okrugi Азаматтарды қабылдау	26.02.2025	сағ.16.00 сағ.15.00

Г Р А Ф И К
проведения встреч акима Панфиловского района
САҒЫМБЕКА Марата с населением

№ п/п	Округи	Место проведения	Сроки проведения встреч	
			дата	время
1	Сарыбельский	Село Садыр, Садырская средняя школа Instagram: @sarybelokrugi Прием граждан	26.02.2025	10.00 час. 11.00 час.
2	Талдинский	село Енбекшы, дом культуры села Енбекшы Instagram: @taldy_auyldyq_okrugi Прием граждан	26.02.2025	14.00 час. 13.00 час.
3	Жаскентский	село им. Головацкого , Средняя школа им Головацкого Instagram: zhaskent_okrugi Прием граждан	26.02.2025	16.00 час. 15.00 час.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Панфилов ауданы әкімінің халықпен өткізетін кездесулеріне қатысты ұсыныстарыңызды, ескертулеріңіз бен пікірлеріңізді төмендегі мекен жайларда орналасқан жәшіктер мен электронды адрестерге жібере аласыздар.

	Жаркент қаласы, Головацкий көшесі,129	Аудан әкімі аппаратының ғимараты	Panfilov.akimat@zhetysu.gov.kz
	Сарыбел ауылы, Сатай батыр көшесі, 26	Сарыбел ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	sarybel@inbox.ru
	Лесновка ауылы, М.Жүнісов көшесі, 35	Талды ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Taldy.ok@mail.ru
	Жаскент ауылы, Тен Ин Гер көшесі, 24	Жаскент ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	zhaskent_akimat@mail.ru

Панфилов ауданы әкімінің аппараты

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В связи с проведением встреч акима Панфиловского района с населением доводим до вашего сведения электронные адреса и адреса, где установлены ящики для предложений, замечаний и отзывов.

	город Жаркент, улица Головацкого,129	Здание аппарата акима района	Panfilov.akimat@zhetysu.gov.kz
	село Сарыбель, улица Сатай батыра №26	Здание аппарата акима Сарыбельского сельского округа	sarybel@inbox.ru
	село Лесновка, улица М.Жунисова, 35	Здание аппарата акима Талдинского сельского округа	Taldy.ok@mail.ru
	село Головацкого, улица Тен Ин Гер, 24	Здание аппарата акима Жаскентского сельского округа	zhaskent_akimat@mail.ru

Аппарат акима Панфиловского района

Панфилов ауданының әкімі Марат Рахымбердіұлы САҒЫМБЕКТІҢ халықпен өткізетін кездесулерінің
К Е С Т Е С І

№ р/с	Округтер	Өтетін орны	Кездесудің өту мерзімі	
			күні	уақыты
1	Бірлік	Алтыүй ауылы, Ә.Қастеев атындағы орта мектеп Instagram: @altyi_birlik Азаматтарды қабылдау	25.02.2025	сағ.10.00 сағ.11.00
2	Үленшыған	Қырыққұдық ауылы, Жаркент орта мектебі Instagram: ulkenshygan._auldyk_okrugi Азаматтарды қабылдау		сағ.14.00 сағ.15.00

Г Р А Ф И К
проведения встреч акима Панфиловского района
САҒЫМБЕКА Марата с населением

№ п/п	Округи	Место проведения	Сроки проведения встреч	
			дата	время
1	Бирликский	село Алтыуй, Средняя школа им А.Кастеева Instagram: basqunshy_ayyldyq_okrygi Прием граждан	25.02.2025	10.00 час. 11.00 час.
2	Улкеншыганский	село Кырыккудык, Жаркентская средняя школа Instagram: ulkenshygan._auldyk_okrugi Прием граждан		14.00 час. 15.00 час.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Панфилов ауданы әкімінің халықпен өткізетін кездесулеріне қатысты ұсыныстарыңызды, ескертулеріңіз бен пікірлеріңізді төмендегі мекен жайларда орналасқан жәшіктер мен электронды адрестерге жібере аласыздар.

	Жаркент қаласы, Головацкий көшесі,129	Аудан әкімі аппаратының ғимараты	Panfilov.akimat@zhetysu.gov.kz
	Алтыүй ауылы, Желтоқсан көшесі, №19	Бірлік ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	birlik14@mail.ru
	Үлкеншыған ауылы, Жібек жолы көшесі, Н/ж	Үлкеншыған ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	Ulkenshygan.akimat@mail.ru

Панфилов ауданы әкімінің аппараты

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В связи с проведением встреч акима Панфиловского района с населением доводим до вашего сведения электронные адреса и адреса, где установлены ящики для предложений, замечаний и отзывов.

	город Жаркент, улица Головацкого,129	Здание аппарата акима района	Panfilov.akimat@zhetysu.gov.kz
	село Алтыуй, улица Желтоксан, №19	Здание аппарата акима Бирликского сельского округа	birlik14@mail.ru
	село Улкеншыган, улица Жибек жолы, б/н	Здание аппарата акима Улкеншыганская сельского округа	Ulkenshygan.akimat@mail.ru

Аппарат акима Панфиловского района.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

ТАЗАЛЫҚ - БАРШАҒА ОРТАҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Бұл еңбек адамдарына үлкен қолдау берері анық.

«Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман, ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Сондықтан біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында осылай дегені есімізде. Расында да, қуатты елдің діңгегі халық болса, кәсібилік пен еңбекқорлық қашан да жоғары орында тұруы керек.

Айналамыздың айнадай жарқырап тұруына ерекше үлес қосып жүрген жандардың еңбегі кейде еленіп, ескеріле бермейді. Мақтауға лайық тазалықшылар Басқұнша ауылының биржа жұмысшылары Абайхан Асылбеков, Айдын Албанов, Гүлжан Әубәкірова, Толғанай Бейсенбаева, Айдархан Жүнісов, Бейбіт Рафиковалардың (суретте) жұмысына ел-жұрт риза. Бұл да болса адал еңбектің арқасында. Олар жұмысына тиянақты, қай уақытта да ауыл іші, мектеп айналасы тап-таза болып тұрады. Бұл кімге болса да жақсы. Сол үшін бұл кісілерге ауыл тұрғындары риза.

Әсіресе, сенбі, жексенбі күндері демалыстан кейін ауыл күл-қоқысқа толып кетеді емес пе?! Сондай сәтте де сабырмен жұмыстарын жалғастырады. Сонымен қатар, олар тазалықты әркім өзінен бастауы керектігін, өзін сыйлайтын кез келген адам өзгенің еңбегіне де аса зор құрметпен қарайтынын алға тартты.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялағаны үшін алғыс білдіреміз,-дейді олар. Жұмыстарын жауапкершілікпен атқарып жүрген олар адал еңбекпен тапқан нанның бойға сіңімді болатынын айтады.

Бағдат АЙТМҰҚАЕВА.

МЕРИТОКРАТИЯ ҚАҒИДАТЫ ТУРАЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еліміздегі мемлекеттік аппараттың жоғары кәсіби жұмысының маңыздылығын бірнеше мәрте атап өтіп, мемлекеттік қызметке кіру және одан шығу рәсімдерін жеңілдету, бюрократияға жол бермеу, меритократия қағидатын ілгерілетуге қатысты жаңа міндеттер қойды..

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» мемлекеттік қызметті дамыту қағидатының бірі – меритократия, яғни мемлекеттік қызметке іріктеу және қызметі бойынша ілгерілету сіңірген еңбегіне, құзыретіне және кәсіби дағдыларына негізделеді деп көрсетілген.

Үміткерлер мемлекеттік қызметтегі өзінің кәсіби қызметін төменгі лауазымнан бастайды, ал олардың одан әрі ілгерілеуі тиісті саладағы еңбегі мен жұмыс тәжірибесін ескере отырып, конкурстық және құзыреттері негізінде жүзеге асырылады.

Меритократия қағидатының іс жүзінде іске асырылуы мемлекеттік аппаратқа деген сенімділікті нығайтып, тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментімен мемлекеттік қызметшілердің жай-күйі туралы есептілігінің нәтижесіне сәйкес, меритократия қағидаты бойынша оларды тағайындаудың объективтілігіне тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

Жетісу облысының жергілікті атқарушы органдарында 2024 жылдың қорытындысы бойынша меритократия қағидатының сақталу деңгейі 73,1% құрайды.

Меритократия қағидатын жүзеге асыру барысында мемлекеттік қызметшінің жеке еңбегі мен жетістіктерін тану арқылы, оның қабілеті мен кәсіптік даярлығы ескерілетін болады.

Меритократия тең мүмкіндіктің және әділдіктің арқасында мемлекеттік қызметте қызмет баспалдағы бойынша қабілетті, білікті маманның жоғарылауына ықпал жасайды.

Меритократия принциптерін нығайту мемлекеттік қызметшінің сіңірген еңбегін әділ бағалаудың мүмкіндігі, ал меритократия қағидатын қолдану мемлекеттің өркендеуіне бағытталған жол болып табылады.

Б.ШАРИПОВА,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.

ЕЛІ СҮЙГЕН ЕСКЕЛДІ

Еліміз егемендікке қол жеткізген соң, оны нығайту міндеттері үлкен жауапкершілікті талап етті. Өтпелі кезең қиындықтарын ерен еңбегімен, ар-намыс ақылымен жеңетін қайыспайтын ерлер керек еді. Сондай тұлғаның бірі және бірегейі біз сөз еткелі отырған Ескелді Нүптебеков.

Еңбегімен ел есінде қалған азамат 1938 жылы 22 ақпанда қасиетті атамекен Ақжазық ауылында дүниеге келген. Ағаның әкесі Нүптебай атамыз баласы Ескелді өмірге келіп, дүние есігін ашып жатқан кезде, 1938 жылы «Халық жауы» деген жаламен сонау Сібірге «Ит жеккенге» айдалып кетеді. Жастайынан әкесінен айырылып, тірі жетім болып қалады. Анасы Кегенбаева Әлиша Жамбыл колхозының жанар-жағар май таситын арбасын айдайды. Бала Ескелді туған ауылындағы мектептің 5-ші сыныбына яқтап, анасының бір жағына шығып, демеу болайын деген мақсатта, ауылында трактористің қасында, соқаға тіркемеші болып, белі қатпаған бала таңның атысы күннің батысы еңбек етеді. Анасы болса сонау Сарыөзектен май тасиды. Бейнетті белуарынан кешіп жүріп, келешекке деген сенім мен үмітін жоғалтпай, өз білімін жетілдіру мақсатында Талдықорғандағы «Көксу» ауылшаруашылық техникумына сырттай түсіп, оқуын бітіріп шығады. Қай жерде, қай салада

жұмыс атқармасын өз жұмысына жауапкершілкпен қараған азаматты тани білген шаруашылық басшылары Көктал қой совхозының МТМ меңгерушісі қызметіне, ал 1990-1992 жылдары «Аққұдық» ауылының ферма меңгерушісі қызметіне қояды. Ескелді аға қай жерде, қандай қызмет атқармасын, өзіне жүктелген міндетті абыроймен өз уақытында орындауға тырысатын және соны орындап шығатын.

Ескелді Нүптебайұлы тек Үкімет алдындағы жұмысымен қоса, отбасында да жақсы жар, үлгілі әке, отбасының аяулы атасы болды. 1959 жылы өмірлік серігі, жан жары Әбдібекова Сақамен бірігіп шаңырақ көтеріп, 2021 жылы Сақа анамыз бақилық болғанша 62 жыл тату-тәтті бірге өмір сүріп: асыл жар, аяулы ата бола білді. Өз кіндіктерінен 4 қыз, 3 ұл дүниеге әкеліп, осы балаларынан 20 немере, 17 шөбере көрді. Қазір сол балалары да туған ұясынан алған тәрбиенің арқасында үлгілі отбасы болып, еліміздің әр аймағында жұмыс жасап, қызмет істеп жатыр. Балаларының өне бойынан әке-шешенің тәрбиесі көрініп тұрады. «Аға бекер өмір сүріп еңбек етпеді» деп іштей риза болып қоямын, өйткені ағамен көп жылдар бірге қызмет атқарған кезден бұл кісіні өте жақсы білемін. Мінезі өте салмақты, әр нәрсенің ақ-қарасын ажыратпай шыж-пыж болып жүретін азаматтардың қатарынан емес. Өне бойынан тектіліктің, салиқалықтың иісі аңқып тұрушы еді. Бұндай қасиетті көп азаматтардың бойынан таппайсың. Енді міне осындай асыл азаматпен қимай қоштастық.

Ескелді Нүптебекұлы - абырой мен ақылдың қос тізгінін ұстаған, бақытын еңбектен тапқан, адалдықты ту еткен жан еді. Бүгінгі жастарға, болашақ ұрпақтарға өнегелі өмірі үлгі бола бермек.

Сайлау СОЛТАНҚҰЛОВ,
Көктал ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы,
«Панфилов ауданының Құрметті азаматы».

КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ

ДОСТЫҚТЫҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ

Қазақстан бәріміздің ортақ шаңырағымыз болса, біз соның уық, керегелеріміз. Әрқайсысымыз азаматтық сезімімізді тек Отанымызбен байланыстырамыз.

Тағдырдың жазуымен қазақ даласына жер аударылғандардың бірі - поляктар. Қазақ пен поляктың достастық тамыры тереңде жатыр. Оған көптеген мысалдар келтіруге боалды. 1246 жылы Польша монархы Бенедикті қазақ жеріне арнайы экспедицияға жіберіп, еурпалықтарға ұлы қазақ даласының сырын ашты. Әлем әдебиетінде қазақтар туралы алғашқы поэма жазған да поляк халқының ұлы романтик ақын Густов Зеленский болған. Тағы бір поляк өкілі Адольф Якушкевич қазақ халқының салт-дәстүрінен

сыр шертетін құнды этнографиялық жазбалар жазғанын жұртшылық жақсы білсе керек.

Қазақ халқының 1000 әнін нотаға түсіріп, ел руханиятына өлшеусіз үлес қосқан Александр Затевичтің де орны ерекше. Міне, тарихы тереңде жатқан осындай татулығымызға ешқашан сызат түспесін. Ынтымақ, бірлігіміз жарасып, еліміз гүлдене берсін.

Б.БЕЙСЕНҚЫЗЫ.

БІЛІМ КӨКЖИЕГІ

БОЛАШАҚ ФИЛОЛОГТЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде теория мен тәжірибені ұштастырудың маңызы зор. Университет қабырғасында алған білімді практикада шыңдау – болашақ мамандар үшін таптырмас мүмкіндік. Осы орайда, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Филология мамандығының 3-курс студенттері зерттеу практикасы аясында түрлі мекемелерде тәжірибеден өтуде. Менің тәжірибем Панфилов ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінде өтуде.

Тәжірибе барысы және атқарылған жұмыстар негізінен Панфилов ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі – қоғамның түрлі салаларындағы маңызды мәселелермен айналысатын құрылым. Бөлім қызметі халықпен тығыз байланыс орнатуға, мемлекеттік бағдарламалар мен әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға бағытталған.

Практика барысында біз іс-қағаздарын жүргізу, ресми құжаттармен жұмыс жасау, баспасөзге мақала дайындау, әлеуметтік зерттеулер жүргізу сияқты жұмыстармен таныстық. Сондай-ақ, аудан көлемінде ұйымдастырылған қоғамдық іс-шараларға қатысып, олардың ұйымдастырылу барысын бақыладық. Бұл тәжірибе бізге мемлекеттік құрылымның жұмысымен жақынырақ танысуға мүмкіндік берді.

Тәжірибенің маңызы мен пайдасы

-практика барысында жинақтаған тәжірибем болашақ кәсіби өмірім үшін өте маңызды. Құжаттармен жұмыс істеу, ресми стильде мақала жазу, ақпаратты дұрыс талдап, жеткізу дағдылары теориялық білімімді жетілдіре түсті. Сонымен қатар, мемлекеттік мекемелердегі жұмыс процесімен танысу – болашақ қызметіме деген түсінігімді кеңейтуге көмектесті.

Зерттеу практикасы – студенттер үшін үлкен мүмкіндік. Ол болашақ маман ретінде қалыптасуға, тәжірибе жинауға, жауапкершілікті сезінуге және кәсіби дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Осындай мүмкіндік жасаған университетімізге және Панфилов ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөліміне алғысымды білдіремін. Бұл тәжірибе менің болашақ мамандығыма деген қызығушылығымды одан әрі арттыра түсті.

Мейірім ЖҰМАҒАЛИ,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 3-курс студенті.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтілік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бірбіріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Нұргүл СЕЙТАХУНОВА,
Талды ауылдық округі әкімінің орынбасары.

Салт-дәстүр

Сүндет той – мұсылманға міндет той

Жалпы, баланы сүндеттеу – үлкен һәм сауапты іс. Сүндет о баста араб халқының дәстүрі болыпты. Бұл жөнінде Құранда баяндалмағанымен, көне араб поэзиясы мен хадистерде кездеседі дейді мамандар. Сүндет Мұхаммед пайғамбардың (ғ.с) сүннеті болғандығы үшін де мұсылман халықтарында ерекше маңызға ие көрінеді. Сүндет – ислам діінде ер баланың жыныс мүшесіндегі тері бөлшегін кесу арқылы жасалатын ғұрып. Сүндеттеу медицина тілімен айтқанда «циркумцизия» (лат. Дөңгелек кесу) деп аталады. Меккеде ер балалар 3-7 жасында сүндетке отырғызылады. Сүндеттелген баланың құрметіне арналып дастархан жайылып, оған ең әсем киімдер кигізіп, атпен серуендетеді. Ал Мысырда ұлды 5-6 жасында сүндеттейді. Қазақ халқында сүндеттеуді бұрын қожа-молдалар атқарып келсе, қазір көбіне медицина қызметкерлері жүзеге асырып жүр. Бұрынғы кезде сүндеттелген балаға арнап кең әрі ұзын «сүндет жейде», «сүндет көрпе» тігетін болған. Оны бала жарасы толығымен жазылғанша киген.

Баланы сүндеттеу не үшін керек? Ол тек мұсылмандықтың ғана белгісі ме? Пайғамбарымыздың «с.ғ.с» хадисінде адам жаратылысының табиғи қажеттілігі ретінде мына бес нәрсені атаған: сүндетке отыру, мұртты басу, қолтық пен ұятты жерді түктен таза ұстау, тырнақты қысқарту. Сондай-ақ, сүндетке отырғызу тек мұсылмандық емес, оның ер адамның денсаулығына, болашақ ұрпағының аман-есен өсіп-өнуіне де ықпалы зор екенін ғалымдар да дәлелдеген.

Сүндет тойдың басқа тойлардан ерекшелігі сонда – қуанышты күнге сүндеттелетін баланың өзі шақырылатындығында. Бұл – оның есейгендігінің белгісі. Өз тойына шақырып келген балаға барған жерінде шашу шашқан. Кез келген ұлдың арманы – тезірек жігіт болу. Дістүр бойынша осы күні балаға бастан-аяқ жаңа киім кигізіп, екі иығына үкі қадайтын болған. Содан кейін өзінің ашамайлы бәсірелі тойына қоржын салған. Қасына сәнді киінген бір-екі боз-баланы ілестіріп, ағайын-туғанға тойдың қуанышын жеткізуге жіберетін болған.

Сүндет той жасау – бала қарақұлақтанып қатарға қосылғандығынан бастап ат жалын тартып мініп, азамат атанғандығының алғашқы белгісі. Мұндайда ертеректе ауқаттылар ат шаптырып, балуан күрестіріп ұлан-асыр той жасаған. Бірақ, есте ұстайтын нәрсе, ұлан-асыр той жасау міндетті емес, өз шама-шарқыңа қарай дастархан жайып, көршіқолаңға қонақасы беріп, Құран оқытып, үлкендердің ақ батасын алған дұрыс. Сүндет той – мұсылманға міндет той.

Иә, әлгі келіншек сөзінің жаны бар. Қазақ ұғымында қыздың құлағын тесу – сүндеттеумен бірдей деген қағида бар. Қыз баланың өміріндегі айтулы күн – құлағын тесу. Әдетте бойжеткеннің немесе балиғатқа толған қыздың құлағын тесу үшін оның шешесі, жеңгелері, апалары жиналады. Құлақты ұқалап, жанын кетіріп, қыздырылған жуан инемен немесе кәдімгі тарымен тескен. Ол үшін екі тарының құлақтың сырғалығының екі жағынан бірінің тұсына бірін дәл келтіріп ұқалайды. Мына қызыққа мән беріңізші: тесілген құлаққа қызыл иттің жүнін есіп өткізген. Иттің жүнін өткізсе, құлақ іспейді, қотырланбайды, жара түспейді деген. Қазіргі таңда ит жүнінің денсаулыққа пайдалы екенін дәрігерлер де айтып жүр. Ит жүнінен жасалған белдемшелер де шыға бастады емес пе. Ал мұны біздің ата-бабаларымыз есте жоқ ескі замандаақ білген.

Құлағында сыңғырлаған сырғасы бар қазақтың қаракөздері ерекше әдемі болған ғой. Қазақ қызының құлағын тек жеті жасынан бастап тескен көрінеді. Бұл жастан бастап құлақ тескеннің белгілі бір заңдылығы бар. Ол осы күнді іштей асыға күтеді. Өйткені құлағын тескен соң мінез-құлқынан бастап, киетін кииміне дейін өзгереді. Қызға бүрмелі көйлекті құлағын тескен соң кигізетін болған. Осыдан соң-ақ ол өзін үлкен сезінеді, өзінің өміріне қажетті тірліктің барлығын үйренуге тырысады. Саналы түрде соған бейімделеді, білмекке ұмтылады. Осыдан бастап анасы: «Сен енді сырғалы қыз болдың, енді саған қуыршақ ойнау жараспайды»,- деп оның құлағына жайлап сіңіре берген. Бұдан былай ол қуыршақтың орнына қолына кесте алып, ою оюды үйренеді. Ол ендігі жерде жеңгелерінің қазан-ошақ жақтағы істеріне зер сала бастайды, құрт қайнатып, ірімшік жасап жатқан әжелеріне көмектесіп, салмақтана бастайды. Қыз баланың құлағын тек сәндік үшін әдемілікке бола теспейді, ол да – тәрбие. Осыған дейін тұлымшағы желбіреп жүргенде оны баласынып ешкім елемеуі мүмкін. Ал құлағын тескен соң, үстіне көйлек-камзол кигізіп, шашын өріп қойғаннан кейін оны қыз болды деп есептеп, үлкендер жағы әрқайсысы өзінің бір өнегесін үйретуге тырысқан.

Ұлы бар үйдің қуаты бар, қызы бар үйдің шуағы бар. Қуатың қайтпасын, шуағың азаймасын, қадірлі ағайын!

ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында биыл 18 жасқа толмаған әр балаға 129,38 доллар көлемінде қаражат аударылады.

Биыл бағдарламаға 6 921 035 бала қатысып жатыр (2007 жылдан 2024 жылға дейін туылған балалар). Олардың ішінде 324 430 азамат 2025 жылы 18 жасқа толады.

2022 жылдың қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауы аясында «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын көтерген болатын. Осы бастаманың аясында 2025 жылы 18 жасқа толмаған қазақстандық балаларға 129,38 доллар көлемінде қаражат аударылды.

2024 жылы аталған бағдарламаға 6 919 131 адам қатысып (2006-2023 ж,ж. туған балаларды қоса алғанда), олардың әрбірінің шотына 100,52 доллар жіберілген.

ОТАН ҚОРҒАУҒА ШАҚЫРЫЛАДЫ

2025 жылы әскери дайындыққа 3 мың әскери міндетті шақырылады. Бұл туралы Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовтың тиісті бұйрығы шықты.

Әскери дайындық 2007 жылдан бастап, жыл сайын өткізіледі және ұзақтығы 30 күнге дейін болады. Дайындыққа қатысудан жалтару 5 айлық есептік көрсеткіш (19 660 теңге) мөлшерінде айыппұл салуды қарастырады.

Әскери дайындық кезінде әскери қызметшілердің жұмыс орындары мен лауазымдары сақталады. Оларға орташа жалақы төленеді, ал жұмыс істемейтіндерге – мемлекеттік бюджет есебінен ең төменгі жалақы беріледі.

Тазы мен төбет

Елімізде қазақы ит тұқымы күні белгіленді

Тазы мен төбет сынды қазақы ит тұқымдары бағалы құндылығымыз ретінде дәріптеліп, айрықша мән берілуде. Енді елімізде тазы мен төбетке атаулы күн де белгіленді. ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі мәлімдеме жасап, 3 қыркүйек «Тазы мен төбет күні» деп белгіленгенін жеткізді.

Тазы мен төбет – қазақтың байырғы көшпелі өмір салтына ғасырлар сұрыпталып жетілген ит тұқымдары. Құмай тазының жүйріктігі, батыл да өжеттігі, алғырлығы сал-серілердің салтанат құрған дәуірінде небір ұлы шығармаларға арқау болғаны бар. Тіпті, айтулы қаламгер М.Мағауин өзінің белгілі шығармасында әйдік тазының өлімін бір ұлттың басындағы қасіреттің көрінісі ретінде суреттейтіні бар.

Ал алуанды мінезді, өзі сақ, күшті әрі темірдей төзімді, иесіне шексіз адал қазақы төбет те байырғы тұрмыс-тіршілік кезеңінен жетілдірілген ит тұқымы. Оны көбінше сақыман күзетіне, отар қостың амандығына пайдаланған. Қоралы қойын, қонған қонысын түз тағысынан қорғау да «Бөрібасар», «Құттыаяқ» секілді төбеттерге жүктеген. Төбет тұқымы да халқымыздың бай әдебиеті мен фольклорынан кеңінен орын алған. Итті Жеті қазынаның біріне балаған халықтың тазы мен төбетті тәл құндылығы ретінде дәріптеуі де ұлттық кодты табуға бағытталған игі қадамдардың бірі деуге болады. Аталған министрліктің ресми мәдениетінде, Үкіметтің 2017 жылғы 31 қазандағы қаулысына өзгерістер енгізіліп, Қазақстандағы мерекелер күндер тізімі деген тармақпен толықтырылғаны айтылды. Министрлік өз мәлімдемесінде бұл мерекені енгізу – қазақ халқының мәдени мұрасын, тарихын және дәстүрін дәріптеуге бағытталған маңызды қадам екенін атап көрсетіп отыр.

«Тазы мен төбеттің маңызын арттыру, кинология саласын дамыту және онымен байланысты салалардың өркендеуі жаңа жұмыс орындарын ашуға, салықтық түсімдерді арттыруға және экономикалық өсімге оң әсерін тигізеді», - деп атап өтті министрлік. Қазақы ит тұқымдары күні аясында дәрістер, семинарлар, көрмелер мен жарыстар ұйымдастырылады. Бұл шаралар ит асыраушылар мен кинологиялық ұйымдарға тәжірибе алмасуға, қазақы ит тұқымдарының ерекшеліктерін зерттеуге және оларды сақтау мәселесін көтеруге мүмкіндік береді.

Бетті әзірлеген: Б.БЕЙСЕНҚЫЗЫ.

ДІННІҢ РАДИКАЛДАНУЫ - ҚОҒАМҒА ТӨНГЕН ҚАТЕР

Діннің адамзат баласының өмірінде алатын орны айрықша. Әлемде сан мыңдаған діни сенім-наным, конфессия, дәстүрлі және әлемдік дін бар. Олардың пайда болуы, қоғамға ықпалы, ішкі канондары, өзара қарым-қатынасы, әлемдік және жергілікті саясатқа ықпалы, өзгелер тарапынан мойындалуы немесе танылуы бір-бірінен әрқилы және өзіндік айтарлықтай ерекшеліктері бар. Діннің адамды жақсылыққа, ізгілікке, бауырмалдыққа тәрбиелейтін тұстары өте көп. Алайда діннің канондарын өзінің теріс мақсатына пайдаланып, сананы теріс манипуляциялау арқылы елді, қоғамды адастыруға тырысатын және іс жүзінде үлкен зорлық-зомбылық жасауға дейін жеткізетін топтар немесе жекелеген адамдар бар.

Адамзат баласы сан ғасырлар бойы діни радикализмнен зиян шегіп келеді. Діннің радикалды сипатқа ие болуы ол діннің түріне, атына байланысты емес. Сол дінді өзінің саяси, экономикалық, ұлттық, әлеуметтік сипаттағы жымысқы мақсатына пайдалануды көздейтін жекелеген топтар мен адамдарға байланысты. Діни пайымдар мен шарттарды радикалды мақсатта пайдаланудың соңы экстремизм мен терроризмге ұласып жататынын әлемдік жағдай көрсетіп келеді. Жалпы, әлемдік өркениеттер ұзақ жылдар бойы қалыптасқан өмірлік құндылықтар мен тарихи оқиғалар аясында түзіледі. Ғасырлар бойы бір жерде қалыптасқан рухани құндылықтар, салт-сана, көзқарастың оңайлықпен өзгеріске түспейтіні айқын, өзгеріс болған күннің өзінде белгілі бір деңгейде рухани және қарулы қақтығыстардың орын алуына әкеліп соғуы әбден мүмкін. Өйткені үйреніскен, қалыптасқан құндылықтардың адам санасынан, қоғамдық өмірден оңайлықпен ажырамайтыны жасырын емес. Әлемдік тарихта діни радикализм көріністері тек белгілі бір дінге ғана қатысты орын алған жоқ. Діни ксенофобия факторынан туындаған алапат соғыстар да аз емес. Оған VI-VIII ғасырлардағы араб шапқыншылықтары, одан кейін қарымта қайтару мақсатында пайда болған Реконкиста, XI-XV ғасырлардағы әйгілі Крест жорықтары, Еуропада орта ғасырдың соңында католиктер мен простестанттар арасындағы, сондай-ақ протестанттық ұйымдар арасында орын алған сансыз қақтығыстар, Отыз жылдық соғыс, Үндістан мен Пәкістан арасындағы кикілжің, XX ғасырда ушыққан және бүгінге дейін жалғасып келе жатқан Таяу Шығыстағы Палестина мен Израиль арасындағы қарулы қақтығыс, Израиль мен Иран арасындағы келіспеушілік, ислам дінінің ішіндегі шиіт, суннит сынды бағыттар арасындағы пікірдегі әралуандық пен қарулы қақтығыстар бұл сөзімізге айқын дәлел. Қазақстанда этникалық құрамы жағынан қазақтар басым тұрғанымен өзге де этникалық топтардың аз емес екені белгілі. Олардың да өзіне тән тарихи діни наным-сенімдері бар. Бұл ретте, тәуелсіздік жылдары діни радикализм көріністері, деструктивті діни ағымдардың теріс ықпалы Қазақстанды да айналып өтпегенін айта кеткен жөн. Қазақ халқы ежелден ислам дінін ұстанатындықтан елімізге негізінен тәуелсіздіктен кейін шетелден келген ислам дініне қатысты радикалды көзқарастар, ағымдардың қызметі тән саналады. Сан ғасыр халқымыздың дәстүрлі құндылықтары мен ислам дінінің канондары біте қайнасып, бүгінге дейін жеткенін тарихтан жақсы білеміз. Алайда Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін көбінесе Араб түбегінен, Таяу Шығыс елдері мен Кавказдан келген деструктивті діни ағымдардың ықпалы артты. Осылайша қысқа уақыттың ішінде қазақ халқының байырғы уақыттан бері ұстанып келген қағидаларына, дәстүріне қатысты түрлі келіспеушілік пен дүрдараздық пайда болды. Ол әсіресе ислам дінінің қағидаларын, шарттарын аса радикалды мағынада қабылдап, қазіргі зайырлы мемлекеттің заңдарына шекеден қарайтын, оны қабылдауға, мойындауға қарсылық танытушы уаххабизм, Таблиғи жамағат, Хизб-ут-Тахрир, Джунд-аль-Халифат, тәкпіршілер, сопылықтың кейбір ағымдары діни бағыттар арасында жиі көрініс тапты.

Бұдан бөлек Қазақстанда протестанттық христиандықтың арасында да көп дау туғызған ұйымдар да жоқ емес. Ол әсіресе тәуелсіздіктен кейін елімізде пайда болып, өз қатарына түрлі тәсілмен көбінесе этникалық қазақтарды тартқан ұйымдар арасында байқалды. Мұндай дау әсіресе ресми тіркелсе де азаматтар арасында, БАҚ беттерінде жиі көтеріліп келген бірқатар протестанттық ұйымдарға тән. Осындай діни наным-сенімнің қазақ халқының тарихи қалыптасқан дүниетанымына қайшы келгендіктен отбасы шырқының бұзылуы, қоғамда теріс пікірлердің қаптап кетуі жиі байқалды. Оның ішінде, қан беруге тыйым салу, әскерде Отан алдындағы борышын өтеуді қажетсіз санау, сан ғасырлық дәстүрді жоққа шығару, адамды өз отбасынан алшақтату сынды себептер аталған діни ұйымдарға деген сын-пікірдің өршуіне әкелді. Бұл Қазақстанның этносаралық және конфессияаралық татулықты қамтамасыз етуге арналған негізгі ұстанымына қайшы келеді. Қазақстан тек өз ішінде ғана әлемдік діндердің, түрлі конфессиялардың арасында бейбіт келісімнің, өзара тату қарым-қатынастың орнығуына мүдделі екендігін білдіріп, әр үш жыл сайын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының дәстүрлі съезін өткізіп келеді. Бұл басқосуларға әлемдегі ең ірі діндердің көшбасшылары мен беделді саясаткерлер және БАҚ өкілдері қатысып келеді. Әр съезде әлемнің әр қиырынан, түрлі дін мен конфессиядан тарайтын делегаттар әлемдегі сенімге, дінге, қатысты түйіткілдерді шешу бағытында өзара келіссөздер жүргізіп, дүйім жұртқа бейбітшіл мазмұнда үндеу жолдауда. Бірін бірі сан ғасырлар бойы жау көріп, араз болып келген көптеген дін лидерлері Қазақстан астанасында бір үстелдің басына жиналып, бір-бірімен диалог құруды дәстүрге айналдырды. Мұны еліміздің әлемде бейбітшілік қалыптастыру және діни радикализм үрдістерінің алдын алу бағытында қолға алған маңызды бастамаларының бірі деп санауға болады. Қазақстанда діни радикализмнің етек жайып кетуіне байланысты 2011 жылы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң қабылданды. Осы заң арқылы елдегі барлық діни бірлестіктер ресми қайта тіркеуден өтуге мәжбүр болды. Сондай-ақ, миссионерлерді тіркеу үрдісі реттеліп, олардың бұрынғыдай көшеде, қоғамдық орындарда емін-еркін дінді насихаттауына және көшелерде діни мазмұндағы кітаптарды таратуына сыйым салынды.

Қорыта келгенде, радикалды діни идеялар қоғамдағы тыныштықты бұзатыны әлдеқашан дәлелденген. Ғылым мен білім салтанат құрған XXI ғасырда дінді ақылмен, байыппен және қазіргі заманның қалыптасқан шарттарымен қатар ұстанбаса радикалды көңіл-күйге әкеліп соғатыны анық.

Ж.ҚОНЫСБАЕВ
Панфилов аудандық ішкі саясат бөлімі ММ басшысының міндетін уақытша атқарушы.

МАМАН МІНБЕРІ

ЭХИНОКОККОЗ

Эхинококкоз – бұл ауыр созылмалы ағыммен және эхинококкалық кисталардың әртүрлі ағзалар мен тіндері пайда болуымен сипатталатын гельминтоз. Ауру көбіне еңбек ету қабілетінің жоғалуы мен мүгедектікке алып келетін ауыр асқынуларды тудырады.

Эхинококк бауыр, өкпе, бас миы, жүрек және басқа да ағзаларды зақымдайды. Оның дәрнәсілдері кисталар құрып ағзаның тіндеріне енеді және көбейеді. Емдеу паразиттің орналасуына, клиникалық көрінісіне және науқастың жалпы жағдайына байланысты. Хирургиялық араласу емдеудің негізгі әдісі болып табылады. Негізінен адамдар мен ауыл шаруашылығы жануарлары үшін инфекция көзі қоздырғыштың микроскопиялық жұмыртқаларын сыртқы ортаға бөлетін жұқпалы иттер болып табылады. Жұмыртқалар иттердің жүнінде, олардың нәжістерінде, жерде немесе шөптерде (ит жатқан жерде), ашық су қоймалары суында (иттердің нәжістері түсуі мүмкін) болуы мүмкін. Эхинококктар жуылмаған жемістер мен көкөністерді қолданғанда, шикі және термиялық сапасыз дайындалған етті қолданғанда организмге түсуі мүмкін. Эхинококк жұмыртқалары сондай-ақ малдың жүніне (иттер ластаған жерден), ал одан-малды қырқу, сауу, бағу немесе терінi өңдеу кезінде адамның қолына түсуі мүмкін. Жалпы симптомдар (белгілер)-эпигастрий аймағындағы ауырлық сезімі, бас ауыруына, лоқсу және құсу. Ең айқын симптомдар – оң жақ қабырға астының ауыруы, ауыршаңдық, қысыма сезімі, кеуденің ауыруы, ентігу, құрғақ және ылғалды сырылдауы, денедегі есекжем типті бөртпе.

Адамның эхинококкозды жұқтыруын алдын алуда негізгісі жеке гигиена ережелерін сақтау, балалардың иттермен жақын қарым-қатынасын шектеу, көкөністер мен жемістерді мұқият жуу, жануарлармен жанасқаннан соң қолды жуу болып табылады. Бұдан басқа, үй жануарларын мезгілінде ветеринариялық дәрігердің тексеруі, паразитке қарсы дәрілермен профилактикалық емдеу жүргізуі қажет. Қарапайым алдын алу шараларын сақтау денсаулықты сақтауға және ауруды болдырмауға көмектеседі.

А.ЖАМАНБАЛАЕВА,
аудандық СЭББ эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы.

КАЧЕСТВО И БЕЗОПАСНОСТЬ ПРОДУКЦИИ ЛЕГКОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ

Легкая промышленность - совокупность отраслей и предприятий, производящих товары народного потребления, в первую очередь ткани, трикотаж, чулочно-носочные изделия, обувь, швейные и галантерейные изделия, ковровые изделия и покрытия машинного способа производства, войлок, тонкий войлок и нетканые материалы, шкуры и меховые изделия. Безопасность указанной продукции регулируется техническим регламентом Таможенного союза 017/2011 «О безопасности продукции легкой промышленности». При покупке любого продукта обратите внимание на маркировку на внешней упаковке.

Маркировка должна содержать следующую необходимую информацию:
* название продукта;
* название страны-производителя;
* наименование производителя либо продавца, либо уполномоченного лица производителя;
* юридический адрес производителя либо продавца, либо лица, уполномоченного производителем;
* размер изделия;
* состав сырья;
* товарный знак (при наличии);
* наличие на рынке единого знака, присваиваемого продукции государствами-членами Таможенного союза;
* гарантийные обязанности производителя (при необходимости);
* дата изготовления;
* номер партии продукта (при необходимости).

В зависимости от вида продукции указываются показатели веса, сорта, образца и др. Продукция легкой промышленности перед выходом в оборот рынка должна пройти процедуру подтверждения соответствия в соответствии с требованиями настоящего Технического регламента, имеющую форму соответствия декларации или сертификации. Требования, установленные техническими регламентами, являются обязательными, применяются непосредственно на всей территории Республики Казахстан.

К.ИБРАИМОВ,
руководитель Панфиловского РУСЭК,
К.ХАМРАЕВА,
главный специалист Панфиловского РУСЭК.

МЕНИНГИТ ЖҰҚПАСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ

Менингококк инфекциясы - бактериялармен қоздырылатын жіті инфекциялық ауруы, түрлі клиникалық көріністерімен – симптомсыз тасымалдау, назофарингит (мұрын және жұтқыншақ қабынуы), менингит (ми қабықтарының қабынуы) және менингококк сепсисі (қанзақымдануы) өтеді.

Ауру адамдар мен сау тасымалдаушылар инфекция көзі болып табылады, яғни клиникалық көріністері жоқ, бірақ олар менингококк тасмалдаушылары болады.

Менингококкинфекциясы аурушаңдығы кезеңдігімен сипатталады - қыста және ерте көктемде аурушандық жоғары.

Инфекцияның берілу жолы - ауалы-тамшылы (жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде). Инфекция қоздырғышы сыртқы ортада өте тұрақсыз. Микробдені сау адамның ағзасына науқас немесе тасмалдаушымен ұзақ және тығыз қарым-қатынаста болғанда жоғарғы тыныс алу жолдарының шырышты қабығы арқылы енеді. Жұқтырып алған кезден бастап аурудың басталуынадейін бір күннен он күнге дейін өтеді. Науқас алғашқы күнінен бастап айналадағыларға жұқпалы.

Менингит үшін тән кенеттен басталуы: күтпеген жерден катты бас ауыруы пайда болып, құсу, 6-15 сағаттан кейін бөрт, температурасы 39-40°С жетеді, қалтырау. Тері бозғылт. Жалпы әлсіздік байқалады, арқа және аяқ-қолдың аурады. Науқастар шөлдейді, тәбеті төмендейді. Бұл ауру жеңіл өтуі мүмкіндігінатап өту қажет, сондықтан өте сұм ретінде мұндай салыстырмалы «айтарлықтай» аурудың, тұмау, ангина, тонзиллиты және т. б.ауруларды еліктіреді. Ағзаның қорғаныс күшінің әлсіреуі туындаған кезде қатты тоңу, шаршау, қажуқолайлы жағдайда пайда болады менингококк шапшаң қабықтың және мидың қабынуы енеді және қоздырады.

Профилактика:

Аурудың алғашқы белгілері пайда болған кезде катаралдық құбылыстармен (тамақ қызарып, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, әлсіздік) дәрігерге көріну қажет, оның барлық ұсыныстарын орындаңыз;

Түрлі мәдени-бұқаралық іс-шараларға, жүзу бассейндері, сауда-ойын-сауық орталықтарында ойын алаңдарына баруды шектеу, жеке гигиенаны сақтау қажет.

Ғимараттарды жиі желдетіп, ұйымдасқан ұжымдарда ылғалды жинау жүргізу.

Созылмалы инфекция ошақтарының санация жүргізуі маңызды, балалар жасында бұл жиі ЛОР-органдарына қатысты, сондықтан балаларды оториноларингологтарға тұрақты апару тиіс және мүмкіндігінше алдын-алу мақсатында.

Тек қайнаған немесе бөтелкедегі судыішу қажет.

Тоңу, ашығу, ұйқысыз, стресс және т. б. аулақ болу.

Ауруды әрқашан емдегеннен алдын алған жеңіл екендігін есте сақтау қажет!

Қ. ИБРАИМОВ,
Панфилов аудандық СЭББ басшысы.
А.АЮПҚАНҚЫЗЫ,
Панфилов аудандық СЭББ эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы.
М.АХМУЛАЕВА,
Панфилов аудандық СЭББ эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің жетекші маманы.

ТАБИҒАТ - ТАЛБЕСІК

ОРМАНДЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ

Өрт - аса қатерлі жау. Сондықтан да, бұған бейжай қарауға болмайды. Айтып келмейтін апараттардан сақтану да күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі.

Сондықтан қай кезде де тілсіз жауға тосқауыл қажет. Күннің күрт ысуына байланысты табиғи өрттердің орын алу қаупі арта түседі. Аптапта ыстық пен қуаңшылық кезеңінде ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаудың маңызы өте зор, өрттердің көбі орман қорына көршілес орналасқан шаруа қожалықтарына және ауыл шаруашылығы ұйымдарына тиесілі шабындықтарда өсімдік қалдықтарын жағу салдарына болады. Сондай-ақ, табиғат аясында демалушылар мен тұрғындардың өрт қауіпсіздігін сақтамауы да орын толмас оқиғаларға ұрындырады.

Орман өрті – абайсыз жағылған от, сенбей қалған шоқ, кейде найзағайдан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі – ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді.

Тілсіз жаудың адам мен орын таңдамайтыны белгілі. Атабабаларымыз «жеті жұрттың» біріне санаған өрт апатын шындығында тілсіз жау деуге тұрарлық.

Ауыл шаруашылығында ағаш, отын, шөп,егін,орман,түрлі жанар-жағармай сияқты жанғыш заттар көптеп пайдаланылады. Сондықтан, ауылшаруашылық өндірісі өртке қауіпті болып есептеледі.

Өрттің де, судың да артында адамның тағдыры тұр. Қасқағым сәтте қалың орманның өзін күлге айналдырып жіберетін өртпен, жазым болса тұңғиығына тартып кететін судың да адам үшін қаупі басым.

«Қазақстан Республикасының ормандарындағы өрт қауіпсіздігі» ережесіне сәйкес, жас ағаштар, кесілген ағаш қалдықтары мен дайындалған кеспе ағаштар, шөбі құрап қалған жерлер маңайында от жағуға тыйым салынады. Орманды өрттен қорғау – әрбір адамның міндеті.

Бақытжан САПАРБАЕВ,
«Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің мемлекеттік инспекторы.

ПРОФИЛАКТИКА НЕИНФЕКЦИОННЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ

Неинфекционные заболевания (НИЗ), которые также называют хроническими заболеваниями, как правило, имеют продолжительное течение и развиваются в результате совокупного воздействия генетических, физиологических, экологических и поведенческих факторов. К основным типам НИЗ относятся сердечно-сосудистые заболевания (такие как инфаркт и инсульт), раковые заболевания, хронические респираторные заболевания (такие как хроническая обструктивная болезнь легких и астма) и диабет. Развитию этих заболеваний способствуют такие тенденции, как быстрая и неупорядоченная урбанизация, глобальное распространение нездорового образа жизни и старение населения. Последствия нездорового питания и недостаточной физической активности могут проявляться в виде повышения артериального давления, повышенного содержания глюкозы и липидов в крови, а также ожирения. Это так называемые метаболические факторы риска, которые могут приводить к развитию сердечно-сосудистых заболеваний — ведущей причины смертности от НИЗ.

Факторы риска. Поддающиеся изменению поведенческие факторы риска

Все поддающиеся изменению формы поведения — употребление табака, недостаток физической активности, нездоровое питание и вредное употребление алкоголя — повышают риск развития НИЗ.

Метаболические факторы риска способствуют развитию четырех основных нарушений обмена веществ, повышающих риск НИЗ:

• повышенное артериальное давление;
• избыточная масса тела/ожирение;
• гипергликемия (высокое содержание глюкозы в крови); и
• гиперлипидемия (высокое содержание липидов в крови).

Ведущим метаболическим фактором риска смерти от НИЗ во всем мире является повышенное артериальное давление (с которым связано 19% всех случаев смерти в мире); за ним следуют повышенное содержание глюкозы в крови, избыточная масса тела и ожирение.

Профилактика и контроль НИЗ

Важным направлением борьбы с НИЗ является целенаправленное уменьшение факторов риска, способствующих развитию этих заболеваний. В распоряжении правительств и других заинтересованных сторон имеются недорогостоящие решения, позволяющие ослабить наиболее распространенные и поддающиеся воздействию факторы. При выработке мер политики и определении приоритетных задач важно отслеживать ход работы, тенденции заболеваемости НИЗ и динамику соответствующих рисков. Для снижения ущерба, наносимого НИЗ человеку и обществу, требуется комплексный подход с участием всех секторов, включая здравоохранение, финансы, транспорт, образование, сельское хозяйство, планирование и другие, которые должны работать друг с другом для сокращения рисков развития НИЗ и содействовать осуществлению мероприятий по их профилактике и лечению. Крайне важно выделять ресурсы на повышение качества мероприятий по борьбе с НИЗ. Эти мероприятия включают выявление, скрининг и лечение таких НИЗ и предоставление всем нуждающимся доступа к паллиативной помощи. Для более своевременного выявления и лечения НИЗ такие базовые мероприятия могут с высокой эффективностью проводиться учреждениями первичной медико-санитарной помощи. Согласно имеющимся данным, данные мероприятия при условии их своевременного проведения приносят существенную экономическую отдачу, поскольку сокращают потребности в более дорогостоящем лечении. Страны, население которых недостаточно охвачено медицинским обслуживанием, вряд ли могут обеспечить повсеместную доступность базовых мероприятий по профилактике и лечению НИЗ.

Т. АЙТМУКАЕВА,
руководтель отдела УСЭК Панфиловского района.

АУСЫЛ - ЖҰҚПАЛЫ АУРУ

Аусыл – жұқпалы және тез таралатын аша тұяқты жануарлардың аса қауіпті вирус ауруы. Әдетте ірі қарада, қойда жиі кездесетін, арнаулы О, А, С, САТ-1, САТ-2, САТ-3, Азия-1 типті вирус тудырып, жіті және өте жіті түрде өтетін жұқпалы індет.

Этиологиясы: Әдетте аусылмен барлық жұп тұяқты жануарлар ауырады. Солардың ішінде ірі қара, әсіресе, жас малдар тез шалдыққыш келеді.

Аусыл негізінен ауру малдан жұғады. Аурудың өту кезеңінде сыртқа сілекей, нәжісі немесе несебі арқылы шығып, вирустың өрбуіне себеп болады.Ауру малдардың ауыз қуысы және жүні жоқ аймақтары зақымданады. Мал аурудан айыққан соң да вирусты бойында ұзақ уақыт сақтайды.

Аусылдың жұғу жолдары көп. Ол малдың несебі, нәжісі немесе аусылға шалдыққан малдың сілекейі тамған зат, болмаса суат, жем-шөп арқылы, кейде малды күтіп-бағатын адамдардың киімдерінде қалған вирустардан да жұға береді.

Аусыл көбінесе эпизоотия (белгілі бір мөлшерде) және панзоотия (жаппай түрде) өршиді. Аурудың бұл түрінің етек алып, кең тарап кетуі жергілікті факторларға, табиғи ортаға, ауа райына тікелей байланысты. Індет жылдың кез келген маусымында кездесе береді. Алайда, ол күзде басталып, қыстың алғашқы айларында күшейіп кетеді.

Ауру малды табыннан әдейі оңашаланған қораға бөліп алып, арнайы аусылға қарсы «иммунолактан» дәрмегімен немесе аусылмен ауырған малдың қанынан дайындалған арнайы гипер иммунды сарысумен (сыворотка) және «Нитокс 200» препаратпен емдейді. Ауру малға жұмсақ, құнарлы жем-шөп және таза су беріледі.

Ауру малдың аузын және желінің марганец қышқылды калийдің әлсіз ерітіндісімен шайып, йод, глицерин қоспасы бар препараттармен жағылады. Жара түскен аша тұяқ арасын тотияйынның бір проценттік ерітіндісімен жуып-шайып, содан соң стрептоцид майын жағады. Керек болған жағдайда ауру малға күре тамыр арқылы жүрек қызметін жақсартатын дәрі-дәрмек, глюкоза, кальций мен натрий хлориді ерітінділері құйылады. Ауруды болдырмау мақсатымен жарты жыл сайын малға вакцина егіліп отырылады.

М.ОСПАНОВА,
«Ветеринариялық пункттері бар Панфилов ауданы ветстанциясы» ШЖҚ МКК бас маманы.

БРУЦЕЛЛЕЗ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?

Бруцеллез аурумен барлық мал түлігі және адамдар да ауырады.

Бүгінгі күнге адамзатқа өте бейімді Бруцелла мелитензис, абортус,

індеттің жұғу, таралу мүмкіндіктері, сырт белгілеріне, одан сақтану, алдын алу шараларына тоқталсақ, әр оқырман өз жадына түйіп, аралас ел- жұртқа айта жүрсе денсаулық кепілдігіне зор үлес қосқаны болар еді.

I Ауру белгілері: іш тастау, қынаптың ірінді түрде қабынуы, буындағы сіңір қабының сары-сулы ісігі, буынның ірінді қабынуы , шудың ұзақ уақыт түспеуі.

II. Ауру қоздырғышының сыртқы ортаға бөлінуі: іш тастаған төлмен, шарана суымен, несеппен, сүтпен.

III Жұғу мүмкіндігі: Бруцеллалар сау мал организміне ауыздың, көздің, танаудың. жыныс мүшелерінің клегей қыбықтары арқылы бұқадан қашқан уақыттында енеді де, денеде өніпөсіп өздерінен улы заттар - токсиндер бөледі.

Ал адамның жұқтыру мүмкіндігі: Ауру малмен жанасу, ет-сүт өнімдерін шикі- шала піскен түрде тұтыну.

мал төлдету науқаны кезінде, ауру малды сойған кезде, ауру мал тұрған орында шаңтозаңның көтерілуінен.

IV Сақтану жолдары: Ет-сүт өнімдерін ветсанитарлық тексеруден өткеннен кейін пайдалану. сақман науқаны кезінде жеке бас гигиенасын сақтау. Тиесілі а/ш малдарын малдәрігер мамандарына тіркетіп, тексертіп отыру.

V. Ауру деп табылған мал бастарын ветсанитарлық заңнамаға сай сою, жою. Ауру мал тұрған орын тазаланып, залалсыздандырылуы. аналық бастарды қолдан ұрықтандыруға баса назар аудару қажет.

Ж.ЖҰМАҒҰЛОВ,
«Ветеринариялық пункттері бар Панфилов ауданы ветстанциясы» ШЖҚ МКК бас маманы.

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

Су ағзадағы бүкіл тіршілік әрекетін реттеп отырады. Ол газ тәрізді, сұйық және қатты заттарды ерітуші болып табылады, сондай-ақ зат алмасу, ас қорыту жүйелерінің жұмысына қатысады. Сапалы ауыз су мөлдір, иіссіз және жағымды дәмді болуы керек. Сапасыз судың салдарынан адамдар холера, гепатит, дизентерия т.б жұқпалы аурулармен жиі ауырады. Панфилов ауданында ауыз су жерасты су көздерінен алынады. Жер асты су көздерінен жер үсті су көздерінен айырмашылығы сырттан судың ластануына жол берілмейді, әрі құрамы мен температурасы бірқалыпты болады. Ауыз судың сапасын қадағалап адам организміне зиянын болдырмау мақсатында Панфилов аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы нормативтік құжаттарды басшылыққа алып, жұмыс жасауда. Ауданымызды орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін «Панфилов су құбыры» мекемесі атқарады. Кәсіпорын бөлек ведомстволық зертханамен жабдықталған, халық тұтынып отырған ауыз судың сапасына күнделікті қадағалау жүргізіп отырады және ауданымыздағы «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау орталығының» филиалымен өндірістік бақылау жүргізу үшін келісімшарт жасасқан, ауыз су сапасына толығымен санитариялық-химиялық және бактериологиялық зерттеулер жүргізіледі. Сонымен қатар, «Панфилов аудандық санитариялық-эпидемиологиялық басқармасының» мамандарымен ай сайын 60-70 сынама үлгілері аудандағы ауыз судың сапасына мемлекеттік тапсырыс шеңберінде мониторинг жүргізіліп, зертеуге ауыз су сынамалары алынып, тексеріліп отырады. Басқарма тарапынан аудан тұрғындарының сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілуіне, ауыз су арқылы таралатын жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында іс-шаралар жүргізуі жалғасын таба береді.

Қ.ИБРАИМОВ,
аудандық СЭББ басшысы
Ш. АХМЕТОВА,
аудандық СЭББ бас маманы.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АУЫР

Жуырда бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымдары қатысқан жиналыс аудандық білім бөлімінде «Оқуағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің «Жетісу» жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің Панфилов аудандық филиалы атқару комитетінің отырысы болып өтті. Күн тәртібінде «Бастауыш кәсіподақ ұйымдарындағы қаражаттың орынды жұмсалуы - әрбір ұжым мүшесінің кәсіподаққа деген көзқарасының сенімділігіне ие болудың тура жолы туралы», «Білім қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу мен оның нормаларының сақталуы», Қожбанбет би, Крупская атындағы орта мектептері мен 45 орынды «Сауықтыру-санаторлық», «Ертөстік» балабақшалары бастауыш ұйымдары төрағаларының есептері», «Атқару комитетінің 2024 жылғы атқарған жұмыстарының қорытындысы» туралы мәселелер қаралды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша М.Тұрлыбеков сөз алып, 2024 жылдың жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша баяндама жасады. Кәсіподақ қоғамның бөлінбес бөлшегі екені даусыз. Кәсіподақтардың негізгі міндеттері яғни олардың басты функциясы - еңбек және еңбекпен байланысты қатынастар саласында қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асырумен байланысты. 2024 жылы қалалық кәсіподақ ұйымының жылдық жоспарына сәйкес жұмыстар және бастауыш кәсіподақ ұйымдарының ішкі, сыртқы еңбек қатынастары, еңбекақы жүйесі, әлеуметтік жағдайларына да байланысты бірқатар жұмыстар өз деңгейінде орындалып, қолдау көрсетілді. Қазіргі таңдағы біздің қызметкерліміздің тарапынан қойылатын «Кәсіподақ не үшін керек?», «Бізге не беріп жатыр?»-деген сұрақтар бірінші кезекте тұрады. Міне, осындай мәселелерді шешуде облыстық, қалалық кәсіподақ тарапынан бірнеше ұжым қызметкерлімен кездесіп, түсіндірме жұмыстары мен кеңестер, әлеуметтік еңбек қатынастарын қорғаудағы кәсіподақтың рөлі айтылып және еңбекті қорғау департементінен бекітілген ұжымдық шарттың рөлі, ал оның орындалуын қадағалап отыру бастауыш кәсіподақ ұйымының құзырында екендігі айтылып келеді. Баяндамада соңында әрбір бастауыш кәсіподақ ұйымының басты міндеті кәсіподақ ұйымының мүшелерінің құқықтарын қорғау және кәсіподақ мүшелерінің санын арттыру керектігі айтылды. Кәсіподақ ұйымы үлкен жауапкершілікті талап ететін міндет. Әрбір мүшелік кәсіподақ ұйымындағы бастауыш кәсіподақ ұйымының басшылары, сол ұйымның мықты қолдаушы күші екенін білуіміз керек. Осы орайда қоғам үшін атқарып жатқан іс-шаралардың барлығы оң нәтиже беріп, кәсіподақ беделі арта берсін дегім келеді,-деді Мақытбек Әділұлы. Сонымен қатар, бастауыш кәсіподақ ұйымының негізгі мақсаттары мен міндеттері туралы айтылып, бірқатар түсініктер берілді.

2019 жылы қабылданатын «Педагог мәртебесі» заң жобасына енгізілген өзгерістер және осы бағытта қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының ұйымдастыруымен «Дөңгелек үстел» өткізілгендігін және сол жиынға сенат депутаттарымен мұғалімнің мәртебесі қайтканде де жан-жақты қорғалып, қабылданатын заңда талқыға түскен ұсыныстар енгізілуіне кәсіподақ ұйымы жұмыстанып, нәтижесінде Үндеу дайындалып Үкімет басшыларына жіберілгендігі айтылып өтті.Бұл мәселе туралы Н.Шәріпова есеп берді. Бүгінгі таңда білім саласындағы кәсіподақ – біздің қолдаушы күшіміз екеніне күмән болмау керек екендігін атап өтті. Жиналыста күн тәртібіндегі мәселелер толықтай қаралып, қойылған ашық сұрақтарға жауап берілді. Жиналыс барысында белсенді бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымдары Н.Саурықова мен Қ.Шаяхметов кәсіподақ саласындағы өздерінің тиімді ұйымдастыру жұмыс түрлерін атап өтіп, кеңестерімен бөлісті. Ал жиналыстағы соңғы мәселе жөнінде жөнінде С.Зайтова, А.Алимова, А.Оспанов, Р.Жұрабекова сөз алды.

Ж.ӘБДІҚАСЫМОВА.

МЕКТЕП ТЫНЫСЫ

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ - МАҢЫЗДЫ ІС

«Нағарашы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 9-11 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен кәсіптік бағдар бойынша әр түрлі сала мамандарымен «Мамандық таңдау – маңызды іс» тақырыбында кездесу өткізілді.

Кездесуге Панфилов аудандық жастар ресурстық орталығының мамандары Ильяс Ерікбекұлы, Шыңғыс Берікұлы, Елмұрат Тұрсынұлы, Жеруйық ауылдық мәдениет үйінің директоры, «Жаркент әуендері» үлгілі ән, би ансамблінің әншісі Нұрахметова Бакытгүл Батырбекқызы, Жеруйық ауылдық дәрігерлік пунктінің телімдік мейірбикесі Тұтқабекова Гүлзат және Олжа Таза Кілем жуу орталығының негізін қалаушы, кәсіпкер, amoris.kz амбассадоры, қазақ тілді контентті қолдап, дамытуға үлес қосып жүрген блогер Фариза ханым қатысты.

Алғашқы сөзді алған ҚР Мәдениет саласының үздігі Бакытгүл Батырбекқызы өз мамандығының қызығы мен қиындығымен бөлісті. Жалпы өз мамандығы – өзінің сүйікті ісі екендігін алға тартып, балаларды өнер адамы болуға да үндеді.

Жастар ресурстық орталығынан келген мамандар да, жас та болса артынан өсіп келе жатқан оқушы балаларға барынша салмақты ойлар айтып, ақыл-кеңестерін білдірді.

Кәсіпкер Фариза ханым жас өскіндерге деген шынайы жанашырлық ниетімен өте жалынды

пікірлерін білдірді. Түлектерді сәл де болса оятып, мотивация беріп кетті. Көп балалы ана болғанына қарамастан, кәсібін де дөңгелетіп, әлеуметтік желіні де керемет меңгеріп отырған Фариза ханым жас буынға шынымен үлгі боларлық жалындап тұрған жас екенін көрсете білді.

Медицина факультетін таңдап отырған түлектер үшін ауылдағы дәрігерлік пункт мейірбикесі Гүлзат ханымның айтқан ақыл-кеңестері де өтімді болды.

Жалпы, түлектерге бағыт-бағдар беріп қана қоймай, өмірлік тәжірибелерімен бөліскен мамандармен сұхбат өте жоғары деңгейде өткізілді.

Гүлнара АРЫМБЕКОВА, бастауыш сынып мұғалімі.

XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ

Жуырда Жаркент жоғары педагогикалық колледжінде “XXI ғасыр көшбасшысы” атты интеллектуалды-зияткерлік сайысы өтті. Сайыста Қоңырөлең, Алмалы, Ақжазық, Басқұншы және Атамекен ауылының мектеп оқушылары білімдері мен көшбасшылық қабілеттерін сынады. Жарыс барысында қатысушылар логикалық сұрақтарға жауап беріп, тапқырлықтарын танытты, білімдерін ортаға салып, өз ойларын еркін жеткізді. Байқау тек білім сайысы ғана емес, болашақ көшбасшылардың танылуына үлкен мүмкіндік болды!

Сайыс нәтижесінде:

I орын - Нұркент ауылы, II орын - Ақжазық ауылы; III орын - Басқұншы ауылынан келген мектеп оқушыларына берілді.

Ал қатысқандары үшін - Қоңырөлең, Алмалы ауылдарының әр оқушысы ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Көшбасшы дегеніміз – халықты бір мақсатқа біріктіруші, болашаққа жол сілтеуші. Аталмыш сайыста халықты біріктіріп, болашаққа нық қадаммен баса алатын көшбасшыларымыздың бар екеніне көпшілік куә болды.

Ақбаян ҚАНАТҚЫЗЫ, педагогикалық шеберлік академиясының бас менеджері, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

МІНЕ, МӘСЕЛЕ!

ТӘРБИЕ - ТАЛБЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Менің әкем-Мұсағитов Бұланбай деген кісі. Ол кісі қырық үш жасқа келгенде мен жанұямызда төртінші бала болып дүниеге келетін. 1949 жылы 5 мамыр күні Семей облысы Жарма ауданы 18 разъезде дүниеге келіппін. Шағын ғана разъезде шынында да 18-20 жанұя өмір сүретін. Сол бір поезд тоқтап қана жүріп кететін жерде үлкен береке бар еді. Әкем терміжолшы болса, анам үй шаруасындағы ана. Разъезде тұратын көршілеріміздің бәрі темір жолда жұмыс істейді. Әрбір үйде ең кемі 7-8, 9-10 бала бар. Соғыстан кейінгі кез. Бірақ балалық шағымыз өте бақытты өтті. Әкем теміржолда жұмыс істеп келгеннен кейін азын-аулақ мал шаруашылығымен айналысса, анам әкемнің тапқанын ұқсатып, аз ғана тапқан айлық ақшасын үнемдеп ұстап, мал өнімінен ет, сүттен түрлі азық-түлік әзірлейтін. Мен ес білгелі анамның әр күні ерте тұратындығына, әр уақытты тиімді пайдаланатынына куә болып өстім. Сондықтан біз жанұямыздағы жеті бала-бәріміз еңбекқор болып өстік. Өйткені ата-анамызға жанымыз ашитын. Әсіресе қыстың қақаған аязында әкем теміржолдың әрбір шегесін үлкен подбойка деген балғамен ұрып, Түрксиб темір жолында поездардың тоқтаусыз жүруіне еңбек ететін, разъезде өмір сүретін 7-8 жұмысшылардың барлығы қыстың аязына, жаздың аптап ыстығына қарамай ерен еңбек ететін. Ал анамыз болса, шағын ғана малымыздың ет-сүтінен сан алуан тамақ әзірлеп, бізді де еңбекке баулып, барды ұқсатып, әкемізге де жәрдем беріп отыратын.

Ол кезде разъездегі дүкенге бөлке нан, қант, кәмпит, печенье, т.б. тамақ сатылатын. Анамыз сүт өнімдерінен құрт, сары май, қатық, айраңқымыз, адам ағзасына өте қажетті пайдалы тамақ жасайтын. Соғыстан кейінгі сол бір қиын-қыстау кезеңде ата-аналарымыз аянбай еңбек ететін. Сол кездің өзінде үкімет әр жанұяға 1 сиыр, 5 қойдан артық ұттатпайтын, артық малды алып кететін. Ауылдық кеңестен келіп тексеріп тұратын. Қазақ халқының қандай қиын заман болса да, ұлттық құндылықтарының нәтижесінде үнемі алға ұмтылып, ата-бабамыздан қалған сара жолмен өмір сүріп, ешбір қиындықтан тайсалмай өтіп, ұлт ретінде сақталып келе жатқанымыз-еңбекқорлық пен ұлттық санамыздың айнытпас ерекшелігінде екендігі даусыз. Сол бір соғыстан кейінгі жылдары да кішкентай ғана разъезде тұратын адамдардың ауыз бірлігі, сыйластығы, бірімен-бірі бір үйдің баласындай татутәтті өмір сүргендігі біз үшін балалық шағымыздың бір үлкен белгісіндей болып есімізде сақталып қалды. Соның бір үлгісі ретінде мен 1-ші класқа барғанда 1-4 класс оқушыларының саны небәрі 17 ғана болыпты, сонда бес жарым жастағы мені 1-ші класқа қабылдапты.

Тілім де анық шықпаған болу керек, көп әріптерге тілім келмегендігін анам үнемі айтып отыратын. Бірақ 1-ші класта оқытқан мұғалім әлі есімде. Мүбәрак мұғалім түске дейін 2-4 сыныпты оқытады, түстен кейін 1-3 класты оқытады. Кешке біздің үйге келіп, менің жазуымды тексеріп, әліппені оқытатын еді. Міне бұған мен әлі де ризашылықпен есіме аламын. Сол жылы анам інімді босанып, Аякөз қаласында ауруханада жатқанда біз өз үйіміздің бір күнде тамақ жасап ішпедік, көршілеріміз күнде асқа шақыратын, осының өзі үлкен ауызбіршілік, татулық болатын.

Соғыстан кейінгі жылдарда халықтың ынсаптылығы, барға қанағат қылуы, бір-біріне жанашырлықпен үнемі көмекке келуі - біздің ұлттығымыздың ажырамас қағидасы еді. Ешқашан дастарханымыз жиналмайтын. Келімді-кетімді кісі үзілмейтін. Қай үйде соғым басы немесе басқа қонаққа шақыру кезінде мен «Батырлар жыры» кітабымды көтеріп барып, мәнерлеп оқып, үкендердің батасын алушы едім. Ол кезде радио, теледидар жоқ, үлкендер жыр тыңдап, әңгіме дүкен құрып тарқасатын. Әкем екі ағайтайымды ертіп алып, алдымен үлкен кісілердің шөбін шауып, жинап беретін. Біз де шөмеле үйіп, тырамалап көмектесетінбіз.

Қазіргі балалардың қолында бір-бір телефон. Еңбекке баулу жанұяларда өте сирек кездеседі. Ата-аналардың балаларының қарны тоқ болуына, киімінің бүтін болуына көп көңіл бөлетін, балалардың өмір сүруге дайын еместігі өкінішті. Сондықтан, елімізде жас жанұялардың ажырасуы өте көп болатын себебі де, бүгінгі ұл баланы ертеңгі әке екендігіне, бүгінгі қыз баланың ертеңгі ана екендігіне назар аударып, тәрбиелесе мұндай ажырасу болмаған болар еді.

«Тәрбие - тал бесіктен басталады» деп ата-бабамыз баланы бесікте жатқан көш бастап, дұрыс тәлім-тәрбие берген. Қазір жас ата-аналар бала жылап, мазамды алмасын, -деп жаңа туған жас сәбилерге де телефон ұстатып қояды, оның орнына бесік жырын айтып, ертегі жыр жастандарды оқып беріп, еңбекке баулып тәрбиелесе нұр үстіне нұр болар еді.

Мектепте кітапханаға барып, балаларды кітаппен дос болуға баулыса, сол оқыған кітаптарын ортаға салып, қызықты кештер өткізсе қандай ғанибет. Жоғары класта оқып жүргенде шығарма жазушы едік, жоғары оқуға түсу үшін шығарма жазатынбыз. Қазіргі оқушылар ҰБТ тапсырамыз,-деп көп уақыттарын елес қуғандай болып жүріп, тіл байлықтары дамымай, ой-өрістері кеңімейтін жаққа айналып барады. Шығарма жазу үшін әдеби кітаптарды көп оқитынбыз.

Мектеп оқушыларының тәртіпті, тәрбиелі болашақта үлкен тұлғаазамат болып өсуі үшін кітапқұмар етіп тәрбиелеу - бүгінгі күннің басты міндеті болса екен. Бос уақытын еңбекпен ұштастырып, көп оқитын азамат қана Отансүйгіш, ата-анасының еңбегін ақтайтын болашағымыздың нағыз азаматы болары сөзсіз.

Баққайша БҰЛАНБАЙҚЫЗЫ, қажы, журналист-мұғалім.

МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІ ТУРАЛЫ

«Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің жалпы ауданы 307,6 мың га құрайды. «Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі жабайы аңқұстарды қорғау тұрақты түрде 47 мемлекеттік инспекторлармен және жедел топ мүшелерімен атқарылады. Қасақана аңшылықты алдын-алу үшін «Алтын-Емел» МҰТП-нің жедел топ қызметкерлері мен полиция қызметкерлерімен бірлесе іс-шара жүзеге асырылады. «Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзумен келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшері.

Қызыл кітапқа енген аңқұстары:

1.Қарақұйрыққа салынатын айыппұл төлемі – 400 АЕК.

2.Арқарға салынатып айыппұл төлемі – 1500 АЕК.

3.Құланға салынатып айыппұл төлемі – 2000 АЕК.

4.Ителгі салынатып айыппұл төлемі – 700 АЕК.

5.Бүркітке салынатын айыппұл төлемі – 400 АЕК.

2015 жылғы 03 желтоқсандағы №18-03/1058 бұйрығымен бекітілген коэффицентс

Жалпы келтірілген залал мөлшері үш есеге көбейтілді, ерекше қорғалған табиғи аумағында, және қызыл кітапқа енген аң-құстар, бұл тағы да үш есеге көбейтілді.

Қызыл кітапқа енген аңқұстарды сақтау, келешек ұрпаққа жеткізу тек қана мемлекеттік инспекторлардың міндеті емес.

Ол әр адамның міндеті.

Е.ЖҰМАНОВ, «Алтын-Емел» МҰТП-нің Іле орман шаруашылығының мемлекеттік инспекторы.

ЖЕМҚОРЛЫҚ - ЖЕГІ ҚҰРТ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасырет болып табылады ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамаитын әлемдегі барлық елдегі қаисысын да қатты аландататыны анық.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрыңғы өткен ата-бабаларымыз да деп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әдептілік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу,пара беру, парақрлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару,жалған жауап берге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Ж.ӘДІЛҚАН, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің инженері.

ТҰРМЫСТАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ТУРАЛЫ

Электр жарығынан және тұрмыстық электр жылытқыш қондырғылардан болатын өрттердің алдын алу қажет.

Электрден болатын өрттердің негізгі себебі - ол қысқа тұйықталу, желінің шамадан тыс жүктелуі. Осындай болмау үшін электр сымдарын жөн жағдайда ұстау керек, ал қысқа тұйықталудан және желін ің торда шамадан тыс жүктелуінен (бірнеше электрқондырғыларды бірден қосу) болатын өрттердің алдын алу үшін тарату қалқаншада міндетті түрде заводта жасалған сақтандырғыштар болу қажет.

101 ӨРТ ЖАЙЫНДА ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ

Егер электр желісіне жуан сымнан қолдан жасалған сақтандырғышты (“жучок”) қосса, онда қысқа тұйықталу кезінде ол ері мейді. Олай болса, “қорғанысы” істемейді және желі тоқтың астында қалады.

Осындай жағдайда сымдар ерігенше қызады, оқшаулауы тұтанады, от айналадағы жанғыш заттарға таралып, өрт басталады.

Сондықтан әрқашанда тек заводта жасалған сақтандырғыштарды қолдану қажет.

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ КОРРУПЦИИ!

Коррупция - главное препятствие в развитии общества. Коррупция является серьезным барьером на пути здорового развития общества, требующим вмешательства и устранения. Но эффективная борьба с этим негативным явлением невозможна, без достаточно полного и точного знания его сущности, конкретных условий возникновения и последствий. Коррупция-главное препятствие в развитии общества. В обыденном понимании коррупция связывается, прежде всего, как государственной службой и частных предпринимателей. И действительно, государственные служащие, обладая значительным объёмом полномочий и зачастую действуя бесконтрольно, имеют все возможности использовать должностное положение в своих интересах и, следовательно, вопреки интересам государства.

ОЧС Панфиловского района.

ЭЛЕКТР ЖҮЙЕЛЕРІНЕН САҚ БОЛАЙЫҚ

Тұрғын үй пәтерлері мен бөлмелерінде әдетте өрт жиі шығады. Тұрғын үйлердегі тұрмыстық электр жылытқыштары мен әртүрлі электр приборларының дұрыс қолданылмауынан, сондай-ақ электр қауіпсіздігінің қатаң сақталмауынан, балалардың сіріңке ойнауынан, тағы басқа осындай себептердің салдарынана өрттің шығуына жол берілетіндігі анық. Сондықтан да өрт қауіпсіздігін бұлжытпай сақтап, қауіпті өрттің алдын алу әрбір азаматтың қастерлі борышы саналады.

Өрт көбінесе, электр желілерінің зақымдануынан шығады. Кейбір изоляцияланған желілер ажыратылып кетеді немесе, бірімен-бірі жиі соқтығысып қажалады. Бұл да өрттің ұшқын шығаруына басты себептерінің бірі. Сол себепті де әрбір азамат үйлеріндегі электр желелері мен ток тартушы щиттің дұрыс жұмыс істеуін ұдайы қадағалап, ақау тапқандай болған жағдайда жедел тиісті орындарға хабарлауға міндетті.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі.

Рамазан – 2025

2025 жылы Рамазан айы 1 наурызда басталады, ал қадір түні 26 наурыздан 27 наурызға қараған түнге түседі. Ораза айт 30 наурызда өтсе, құрбан айттың бірінші күні 6 маусымға сәйкес келеді.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының шариғат бөлімі 2025 жылғы діни күндердің кестесін бекітті.

2025 жылғы Пітір садақа мөлшері белгіленді.

Пітір садақасы еліміз бойынша екі келі ұнның орта-ша бағасы негізінде бекітілді. Пітір садақасы жан басына 655 теңге болып бекітілді.

АУЫЗ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуде аудан бойынша 42 елді мекеннің 41-і немесе 97,6 пайызы орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген.

Ауыз судың сапасын жақсарту мақсатында 2024 жылы республикалық бюджеттен 3,8 млрд теңге қарастырылып, 5 ауылда су құбыры желілерін Еңбекші, Кқктал, Надек, Қырыққұдық. Шолақай ауылдарында қайта жаңарту және салу жұмыстары жүргізілуде. Қырыққұдық пен Шолақай ауылдарындағы су құбырларын жаңарту және салу құрылыс жұмыстары 2025 жылға өтпелі.

Сонымен қатар Жиделі ауылын орталықтандырылған су

жүйесіне қосу мақсатында құны 20 млн.теңге құрайтын блокты – модульдік кешен орнатуға сметалық есеп әзірленіп, жұмыстар жүргізілуде.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТКІЗІЛЕДІ

04.04.2025 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Головацкого көшесі, 149 мекенжайы бойынша Жетісу облысы Панфилов ауданында орналасқан «Тасты» кен орнының құм-қиыршық тас қоспасын өндіру карьері үшін рұқсат етілген шығарындылар нормативтер жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Жаркент Строй-индустрия» ЖШС, БСН 110240013457, мекенжайы: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы. Қонаев көшесі 255. Тел. 87759813091, jsi2012@mail.ru. Жоба материалдарымен ecoportal.kz сайтында танысуға болады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ecoportal.kz сайтында қабылданады.
«Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ 7su_expertiza@mail.ru., Тел. 87771719039, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

04.04.2025г, в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Панфиловский район, г.Жаркент, ул.Головацкого 149 будут проводится общественные слушания по проекту нормативов допустимых выбросов по карьеру добычи песчано-гравийной смеси месторождения «Тасты», расположенного в Панфиловском районе области Жетісу. Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Жаркент Строй-индустрия», БИН 110240013457, адрес: область Жетісу, Панфиловский район, г.Жаркент. ул.Конаева 255. Тел. 87759813091, jsi2012@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте ecoportal.kz.
Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте ecoportal.kz.
ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru., Тел. 87771719039, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

08.04.2025 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Алмалы ауылы, Қ.Сембаев көшесі, 30 мекенжайы бойынша «Жетісу облысының Панфилов ауданында орналасқан «Алмалы Солтүстік» кен орнының құм-қиыршық тас қоспасын өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «JARKENT SATTI SAPAR» ЖШС, БСН 240940036973, мекенжайы: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы. Шоқан Уәлиханов көшесі, 132 үй. Тел. 87013495537, rotova_galina@mail.ru. Жоба материалдарымен ecoportal.kz сайтында танысуға болады.
Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ecoportal.kz сайтында қабылданады.
«Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ 7su_expertiza@mail.ru., Тел. 87771719039, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

08.04.2025г, в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Панфиловский район, с.Алмалы, ул.К.Сембаева 30 будут проводится общественные слушания по проекту «План горных работ по добыче песчано-гравийной смеси месторождения «Алмалы Северный», расположенном в Панфиловском районе области Жетісу».
Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «JARKENT SATTI SAPAR», БИН 240940036973, адрес: область Жетісу, Панфиловский район, г.Жаркент. ул.Чокана Валиханова, дом 132, Тел. 87013495537, rotova_galina@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте ecoportal.kz.
Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте ecoportal.kz.
ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru., Тел. 87771719039, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТКІЗІЛЕДІ

02.04.2025 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Алмалы ауылы, Қ.Сембаев көшесі, 30 мекенжайы бойынша «Жетісу облысы Панфилов ауданында орналасқан «Алмалы-Тас» кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіру кезінде бұзылған жерлерді рекультивациялау» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Алмалы Тас» ЖШС, БСН 150140025266, мекенжайы: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Магазы Масанчи көшесі 11В, 6 пәтер. Тел. 87757170771, diesel_51@mail.ru. Жоба материалдарымен ecoportal.kz сайтында танысуға болады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ecoportal.kz сайтында қабылданады.
«Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ 7su_expertiza@mail.ru., Тел. 8(7282) 32-92-67, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

02.04.2025г, в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Панфиловский район, с.Алмалы, ул.К.Сембаева 30 будут проводится общественные слушания по проекту «Рекультивация земель нарушенных при добыче песчано-гравийной смеси на месторождении «Алмалы-Тас», расположенного в Панфиловском районе области Жетісу».

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Алмалы Тас», БИН 150140025266, адрес: область Жетісу, Панфиловский район, г.Жаркент. ул.Магазы Масанчи, 11В, кв.6. Тел. 87757170771, diesel_51@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте ecoportal.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.
Предложения и замечания принимаются на сайте ecoportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru., Тел. 8(7282) 32-92-67, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

04.03.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде БЭП сайтында http://ecoportal.kz/ Жетісу облысының Панфилов ауданында орналасқан «Алмалы Солтүстік» кен орнының құм-қиыршық тас қоспасының карьерін жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «JARKENT SATTI SAPAR» ЖШС, БСН 240940036973, мекенжайы: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы. Шоқан Уәлиханов көшесі, 132 үй. Тел. 87013495537, rotova_galina@mail.ru. Жоба материалдарымен ecoportal.kz сайтында танысуға болады.
Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ecoportal.kz сайтында қабылданады.
«Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ 7su_expertiza@mail.ru., Тел. 87771719039, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

С 04.03.2025г в течении 10 рабочих дней на сайте ЕЭП http://ecoportal.kz/ проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации карьера песчано-гравийной смеси месторождения «Алмалы Северный», расположенном в Панфиловском районе области Жетісу.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «JARKENT SATTI SAPAR», БИН 240940036973, адрес: область Жетісу, Панфиловский район, г.Жаркент. ул.Чокана Валиханова, дом 132, Тел. 87013495537, rotova_galina@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте ecoportal.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте ecoportal.kz.
ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru., Тел. 87771719039, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

Жекеше нотариус Г.Байгуттиева 11.02.2025 жылы қайтыс болған **Марат Ринат Маратовичтің** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы Жібек жолы №55, немесе 872831/55485, 87017504885 нөміріне хабарласуға болады.

Жекеше нотариус Э.Абирова 29.12.2024 жылы қайтыс болған **Найманбаев Гани Алимхановичтің** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы , Лутфуллин көшесі 8/1 ғимаратқа немесе 87714732952 нөміріне хабарласуға болады.

Жекеше нотариус Г.Байгуттиева 08.11.2024 жылы қайтыс болған **Асимбеков Турабек Молдахановичтің** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Лутфуллин 8 «а», «Азия» қонақ үйі, №102 офиске немесе 872831/55485, 87017504885 нөміріне хабарласуға болады.

Жекеше нотариус Р. Мартепбаева 05.12.2024 жылы қайтыс болған **Битебекова Мейрамхан Аусадыковнаның** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі №34 үй, 48 офиске немесе 5-11-22 хабарласуға болады.

Жекеше нотариус Р. Мартепбаева 06.10.2024 жылы қайтыс болған **Хаирбекова Алтынымның** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі №34 үй, 48 офиске немесе 5-11-22 хабарласуға болады.

Частный нотариус А.Ахметова просит сообщить в связи с оформлением наследственного дела по факту смерти **Акимовой Улдакан,** умершей 19.09.2011 года, проживавшей по адресу: Панфиловский район, с.Надек, ул.Кастеева, 39, имеется ли завещание, составленное им/ею, отменено или нет, а также заводилось ли наследственное дело или нет.

Частный нотариус А.Ахметова просит сообщить в связи с оформлением наследственного дела по факту смерти **Естемесова Киргизбека Ибраевича,** умершего 24.01.2025 года, проживавшей по адресу: Панфиловский район, с.Үшарал, ул. 60 жылдық дом №76 Б, имеется ли завещание, составленное им/ею, отменено или нет, а также заводилось ли наследственное дело или нет.

Жекеше нотариус Р. Мартепбаева 11.05.2023 жылы қайтыс болған **Лигунов Толеген Калыковичтің** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі №34 үй, 48 офиске немесе 5-11-22 хабарласуға болады.

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Көктал ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Көктал ауылында «Қазпошта» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) ауылдық аудандардағы халық үшін мемлекеттік қызметтерге деген қол жетімділікті қамтамасыз ету мақсатында, тұрғындарды Қоғамның ауылдық пошта байланысы бөлімшелері арқылы мемлекеттік қызметтерді пайдалану мүмкіндігі бар екендігін хабардар етеді.

Қоғамның бөлімшелері арқылы ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің тізбесі әкімдіктің ресми ресурстарында, ақпараттық стендтерде орналастырылды, сондай-ақ қолжетімді ақпарат тарату арналары (әлеуметтік желілер) арқылы таратылды.

Көктал ауылдық округ әкімі аппараты.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес, пестицидтерді сақтау, өткізу және қолдану адам денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтірмейтін жағдайларда жүзеге асырылуы тиіс. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, контрафактілі пестицидтерді пайдалану заңсыз болып табылады және өсімдіктерді қорғау туралы заңдарды бұзу болып саналады. «Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-6 - бабының 4- тармағына сәйкес мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді өндіруге, (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға тыйым салынатынын хабарлаймыз. Тіркелмеген немесе жалған (контрафактілі) пестицидтерді іске асыру және қолдану Панфилов ауданы бойынша орын алған жағдайда, аудандық аумақтық инспекция тарапынан әкімшілік құқық бұзушылық шара қолданылатындығы ескертіледі.

Жоғарыда аталған

заңдылыққа қарама қайшы заңсыз фактілер анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Панфилов аудандық аумақтық инспекциясына хабарлауларыңызды сұраймыз.

Мекен-жайымыз:
Жаркент қаласы,
Иванов көшесі 94.
Тел: 8 (72831) 5-06-61.

Жекеше нотариус Р.Мартепбаева 06.09.2024 жылы қайтыс болған **Марабаева Лидия Садыковнаның** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі №34 үй, 48 офиске немесе 5-11-22 хабарласуға болады.

Жекеше нотариус Г.Сарпекова 15.09.2024 жылы қайтыс болған **Келемсейіт Айдын Ермекұлының** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі №57 үйде орналасқан офиске немесе 5-51-06, 87014120300 нөміріне хабарласуға болады.

Меншік иесі «Жаркент өңірі» ЖШС

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: 041300 ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫ, ПАЩЕНКО КӨШЕСІ,14.

Электронды поштамыз: jarkent_oneri@mail.ru

Электронды мекен-жайымыз: WWW. Z-o. kz

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

ДИРЕКТОР-БАС РЕДАКТОР БАҒДАТ БЕЙСЕНҚЫЗЫ АЙТМҰҚАЕВА

Құрылтайшы: Ж.М. НҰРМАНОВ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2021 жылдың 29 наурызында қайта есепке алынып, № KZ68VPY00033822 куәлігі берілген.

индекс: 66161
Телефондар: 9-33-05 9-33-06.

Газет қазақ, орыс, ұйғыр тілінде аптасына бір рет шығады. Көлемі 1 шартты баспа табақ

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты

Газет «Media Invest Group» ЖШС баспаханасында басылады. Мекен - жайы: Алматы қаласы, Ақтолқын, 4.
Осы шығарылымның таралымы: 8053 дана.